



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№10 (168), ҚАРАША, 2023



МЕРЕКЕДЕГІ МӘРТЕБЕЛІ МАРАПАТ



Жуырда Астанада өткен ұлттық мереке - Республика күні қарсаңында ҚР Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев мемлекеттік органдар мен компаниялардың қызметкерлеріне мемлекеттік наградаларды табыстады.

Министр энергетика саласындағы ұзақ жылғы сіңірген табысты еңбегі үшін бірқатар сала ардагерлері мен қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары III дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет», II дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапаттады.

- Тәуелсіздікті алған жылдардан бастап, ел экономикасын дамытуға мұнай-газ, атом және энергетика

саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің қосқан үлесі зор. Энергетика саласын одан әрі қарқынды дамыту, ел игілігіне еңбек ету жолындағы барша әріптестеріміздің қызметіне табыс, отбасына амандық тілеймін, - деді министр.

Марапатталғандардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бірқатар ардагерлері мен қызметкерлері бар. Атап айтқанда, Жолдас Тоғжанов –

«Парасат» ордені, Сағын Қырымқұлов- III дәрежелі «Барыс» ордені, Сағидолла Бижанов – «Құрмет» ордені, Болат Сейтмағанбетов – «Құрмет» ордені, Қалдыбай Сағындықов – «Ерен еңбегі үшін» медалі, Жеңіс Көбегенұлы – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ардагерлеріміз бен қызметкерлерімізді бүгінгі мәртебелі наградаларымен құттықтай отырып, ел үшін атқарар игілікті еңбегіңіз көп болғай дейміз!

24 қазан Республика күні қарсаңында Алматы қаласында тағы бір әріптесіміз жоғары марапатқа ие болды.

«KAZENERGY» қауымдастығының төрағасы Тимур Құлыбаев III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының 5-дәрежелі слесарі Жеңіс Таспаевты марапаттады.

Жеңіс Таспаев қашанда өз мамандығына адал жандардың бірі. Ол 40 жылға жуық «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмыс істеп, өз ісінің нағыз шебері екенін дәлелдей білді.

Өңірдің мұнай-газ саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін оған III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені табысталды.



Ұлттық мереке ұлықталды

Қазақстанның басты мейрамы Республика күні - азаматтық келісім мен ұлттық бірлесудің, елдің бүгінгі мен ертеңі үшін ортақ жауапкершіліктің мерекесі. Ел экономикасына сүбелі үлес қосқан мұнайшылар осынау мереке қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының бас кеңсесінде салтанатты іс-шараға жиылды.



Ұлт үшін шоқтығы биік мерекелік жиын Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма басшылары мұнайшылар қауымын Республика күнімен құттықтады.

– Құрметті мұнайшылар! Осыдан 33 жыл бұрын 25 қазан Республика күні ретінде жарияланып, еліміз егеменді, тәуелсіз мемлекет деп танылды. Баршаңызды мерекемен құттықтаймын. Тәуелсіздік кезеңінде еліміз үлкен жетістіктерге жетті. Мемлекетіміз нығайып, экономикамыз өркендеу үстінде. Осы жолда мұнайшылардың қосқан үлесі өте зор. Алар асулар әлі алда. Бәріңізге зор денсаулық, мол табыс тілеймін, - деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Мұрат Мұстафаев.

Басқарманың экономикалық кеңесшісі Чэнь Цзунсян және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мәди Кентанов компания қызметкерлеріне зор жетістіктер тіледі.

Салтанатты рәсімде өндірістің озат еңбек иелеріне Облыс әкімінің Құрмет грамотасы, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары табысталды.

Республика күніне арналған салтанатты жиынды қазақтың дәстүрлі сазын жаңғыртқан М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармония өнерпаздары мерекелік ән-шашуымен қорытындылады.



ТАҒАЙЫНДАУ

Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 12 қазандағы №993-К Бұйрығымен автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің директоры болып Ринат Жұмабекұлы Ибрашев тағайындалды.

Ринат Ибрашев 1979 жылы 17 мамырда Атырау қаласында дүниеге келген. 2001 жылы Алматыдағы «Қайнар» университетін заңгер, 2006 жылы Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ университетін есептеу техникасы мен желілерін бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Р. Ибрашев еңбек жолын 2003 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ МТК техник-электроник болып бастаған. Кейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ААТЖБД техникалық сервис тобының жетекшісі, жетекші инженер-жүйе технигі, инженер-электроншы болып жұмыс істеді.

2016 жылғы қарашадан 2023 жылғы қазанға дейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ААТЖБД департаментінде компьютерлік желілер және коммуникациялар бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды.

Үйленген, төрт бала тәрбиелеп отыр.

НҰРБОЛАТ ҚҰСАЙЫНОВ: ГЕОЛОГИЯ – МЕНІҢ ОТБАСЫМНЫҢ ДӘСТҮРІ



– Нұрболат Мәлікұлы, алдымен өзіңіз туралы айтып өтсеңіз, еңбек жолыңыз, геологияға қалай келдіңіз, сондай-ақ отбасы құндылығы, қызығушылығыңыз, жұмыстан бос уақытыңызда не істейсіз?

– Мен 2005 жылы Атырау Мұнай және газ институтын «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша бітірдім. Іскерлік әкімшілендіру магистрі (іскерлік әкімшілендіру) және іскерлік әкімшілендіру магистрі (мұнай-газ саласындағы менеджмент) бойынша ғылыми дәреже бар.

Алғашқы еңбек жолымды 2002 жылы ҚМГ ҰК ЦНИ ЖШС-де каротаж деректерін цифрландыру инженері болып бастадым. Ал 2005-2009 жылдары "Каспий-мұнайгаз" ФЗЖИ АҚ, "Каспиан Энерджи Ресерч" ЖШС ғылыми-зерттеу институттарында жұмыс істедім. Онда ҚР Орталық Комитетінде ("Ембімұнайгаз" АҚ, "Қазгермұнай" БК ЖШС, "Қожань" ЖШС) сынамалық пайдалану жобаларын, кенорындарын игерудің технологиялық схемасын, жобалық шешімдердің орындалуын авторлық қадағалауды және осы жұмыстарды қорғауды құрастырумен айналыстым.

Соңғы он үш жыл ішінде «Қазмұнайгаз» БӨ АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚМГ Инжиниринг» ФЗИ ЖШС, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларында қызмет етіп, ҚР Барлау игеру жөніндегі комиссиясында жобаларды әзірлеу және уақтылы қорғау, геологиялық техникалық шаралар, ұйымдастыру техникалық шаралары, сонымен қатар ғылыми, тәжірибелік конструкторлық жұмыстар мониторингі және т.б. бойынша өндірістік көрсеткіштерге жетекшілік еттім.

Геологияға қатысты мамандықтар – бұл менің отбасымда қалыптасқан дәстүр десем де болады. Ата-анам мұнай геологтары болып қызмет етті. Бала кезімізде біз ата-анамыздың қалай еңбек еткенін көрдік, сондықтан бұл сала бізге таңсық емес. Осының бәрі мені геологияға жетеледі.

Жеке өмірім жайлы айтар болсам, жұбайым екеуіміз ұлымызды тәрбиелеп, өсіріп отырған жайымыз бар.

Жұмыстан бос уақытымда балық аулағанды, көркем әдебиет оқығанды ұнатамын, таза ауада ұзақ серуендегенді жақсы көремін.

– «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кенорындары туралы не айтасыз? Қаламқас және Жетібай кенорындарының әлеуеті қандай?

– Аз-кем деректерге тоқтала кетер болсақ, бүгінгі таңда мұнайдың қалдық қоры:

– Қаламқас кенорны бойынша геологиялық қорлар – 489 167 мың тонна, алынатын қорлар – 67 459 мың тонна;

– Жетібай кенорны бойынша геологиялық қорлар – 259 014 мың тонна, алынатын қорлар – 40 051 мың тоннаны құрайды.

Қаламқас және Жетібай кенорындарын игеру және барлау тәжірибесі көрсетіп отырғандай, оны бағалау және игеру үшін біз тұрақты негізде геологиялық барлау жұмыстарын жүргіземіз. Мысалы, өткен жылы Қаламқас кенорында геологиялық барлау

Осы жылдың 11 қыркүйегінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директордың геология және кенорындарын игеру жөніндегі орынбасары болып Нұрболат Құсайынов тағайындалды.

Геологиялық барлау – компания қызметінің маңызды бағыттарының бірі, сондықтан біз Нұрболат Мәлікұлынан биыл жүргізіліп жатқан жұмыстар мен перспективалық жобалар жайында, сондай-ақ, кенорындарындағы мұнай қорлары және өзге компаниялардағы жұмыс тәжірибесі, өзгешеліктері мен ұқсастықтары туралы сұрап-білген едік.

жұмыстарының нәтижесінде мұнай қоры 30 млн. тоннадан астам көлемге ұлғайды. Мұны жаңа ірі кенорнының ашылуымен бірдей деуге болады. Келесі жылы Жетібай кенорнындағы қорларды қайта есептеу және тау-кен бұрымдарын кеңейту жоспарланып отыр.

– Ресурстық базаны толықтыру үшін қандай жұмыстар атқарылды, жаңа кенорындарын игеру және барлау үшін қандай іс-шаралар жүргізіліп жатыр?

– Өнеркәсіптік игерудің ірі және негізгі объектілері – Қаламқас және Жетібай кенорындары, екі кенорнында өндірілетін барлық қалдық қорлардың 90% және барлық өндірудің 93% бар. Қорлардың өндірілуі – 73 % құрайды. Алайда бұл кенорындарының да әлеуетінің шегі бар, сондықтан қазірдің өзінде геологиялық барлау жұмыстарын мақсатты түрде ұлғайту, осыған байланысты терең көкжиектерді игеру маңызды. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы жұмыс істеп тұрған кенорындарында барлау жұмыстарын белсенді жүргізіп жатыр, қорлар өсімінің басым бағыты – орындалатын барлау кезеңдерінің нәтижелері бойынша тау-кен бөлімдерін ұлғайтуға байланысты болмақ.

Мұнай қорларын тек барлау есебінен ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы мұнай өндірудің іргелес аудандарында және игерілмеген аумақтарда жаңа кенорындарын іздеу және сатып алу арқылы арттыру мәселесі қарастырылып жатыр. Геология және барлау департаменті жыл сайын акционерлік институттармен мемлекет аукционға шығаратын көмірсутектерді барлау учаскелерін зерделеу және сатып алу бойынша жұмыстар жүргізеді.

Солтүстік Каспий ауданы көмірсутектерді белсенді іздеу үшін перспективалы аймақ болып қала береді және ол – үлкен әлеуетке ие. Каспий маңы бассейні инвесторлар үшін өте маңызды. Қазіргі уақытта көптеген отандық және шетелдік компаниялар осы бассейнді геологиялық зерттеуге қызығушылық танытып отыр.

– Геологиялық барлау жұмыстары кезінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қандай жаңа технологияларды қолданады?

– Бүгінгі таңда тәжірибеде көрсеткен геологиялық барлау мен алдын ала барлаудағы ең жаңа технология – өндеудің жаңа әдістерін пайдалана отырып, жоғары дәлдіктегі, жоғары ажыратымдылықтағы сейсмикалық барлау (ЖРС). Біз өзіміздің негізгі кенорындарымызда (Қаламқас, Жетібай, Асар, Оңтүстік Жетібай, Шығыс Жетібай, Бектұрлы, Бұрмаша) осы технологияны қолдана отырып, палеозой, триас, юра-бор мұнай-газ

кешені құрылысының құрылымдық-тектоникалық ерекшеліктерін нақтыладық. Бұл технология бізге кенорындарын толық зерттеуге, геологиялық белгісіздіктерді азайтуға және ұңғымаларды сәтті бұрғылауға мүмкіндік берді. Таңдалған өзек материалдарында озық технология-ларды пайдалана отырып, өзекке арнайы зерттеулер жүргізіледі. Бағалау ұңғымаларын бұрғылау кезінде геофизикалық зерттеу әдісі - FMI-азимуттық электр микроимиджері қолданылады.

– Геолог болып жұмыс істеу үшін қандай білім мен қасиеттер қажет деп ойлайсыз?

– Геолог әмбебап маман болуы керек деп санаймын. Бұл салада бәрін білу керек. Геолог үшін ең алдымен геология мен геофизикадағы техникалық білім мен тәжірибе қажет. Сондай-ақ, деректерді талдау бағдарламалық құралымен жұмыс істей алуы да маңызды. Мансаптың бір сатысынан екіншісіне ауыса отырып, геологтар өздерінің дағдылары мен білімдерін жетілдіреді. Қазіргі геологтар кез-келген жағдайға бейімделе білуі керек, өйткені қазір технология бір орында тұрмайды. Геология қызықты, бірақ сонымен бірге геология – бұл күнделікті, жауапты, мұқият жұмыс, мұнда адам факторы үлкен маңызға ие. Бұл – жаһандық ойлау қабілеті, бұл – дамыған логикалық және аналитикалық болжау қабілеті.

– «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да жұмыс істегеніңізге бір айдан астам уақыт өтті. Жаңа ұжымдағы жұмыс туралы ойларыңызбен бөліссеңіз, мүмкін сізді таң қалдырған дүниелер бар шығар...

– «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дағы жұмыс істеген аз уақыт ішінде мені ұжымдағы корпоративтік мәдениет, мамандардың жоғары кәсібилігі мен ұйымшылдығы таң қалдырды. Компания ұжымы мен басшылығы мені құшақ жая қарсы алды.

Жоғарыда айтып өткенімдей, мен әртүрлі компанияларда жұмыс істедім, сондықтан жаңа ұжымда жұмыс істеу тағы да кәсіби өсудің, білімімді кеңейтудің зор мүмкіндігі деп білемін.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қатарға қосылған жаңа қызметкерлерді лайықты бағалайды әрі барлығы үшін де достық орта құруға тырысады. Ал бұл жемісті жұмыс істеуге, жаңа идеялардың тууына және ынтымақтастыққа ықпал етеді.

Әріптестерімізбен бірге компаниямыздың дамуы мен өркендеуіне өз үлесімізді қосамыз деп ойлаймын.

– Нұрболат Мәлікұлы, келелі сұхбатыңызға рақмет!



Общий стаж – 160 лет: династия потомственных нефтяников живет в Мангистау

Дорогу в нефтянку для своих детей и внуков проложил Алим Бижанов. Почти 30 лет проработал он на разных месторождениях Мангистауской и Атырауской областей. Его дело продолжили дети, а сейчас продолжают и внуки. Каждый из них выбрал разные профессии, однако работают все исключительно в нефтяной отрасли. Корреспондент Zakon.kz узнал удивительную историю семьи Бижановых.



Алим Бижанов родился в 1919 году в Мангистау. Затем семья переехала в Атырау, где Алим начал работать на башеностроительной площадке эмбинского нефтепромысла. В 1941 году началась Великая Отечественная война, однако на фронт его не взяли – он был нужен в тылу, где самоотверженно трудился сутками напролет. Два его брата – Кенже и Алдонгар – ушли на фронт, Кенже погиб в бою. Когда началось интенсивное освоение мангистауской нефти, в 1963 году семья Бижановых навсегда вернулась на родную землю.

Алим-ага, который более тридцати лет проработал в нефтяной отрасли, не видел для своих детей иной профессии. Ему был всего 51 год, когда произошел несчастный случай на производстве – он получил серьезные травмы головы и спустя несколько дней скончался в больнице.

”

”Я тогда учился в институте. Но срочно приехал и застал отца еще живым, успел с ним попрощаться. Он так и не смог оправиться от полученных травм, они были слишком серьезными. Тогда, стоя на могиле отца, моя мать наказала нам всем – следовать словам отца и не прерывать трудовую династию. И мечта моего отца сбылась. Все его дети и внуки стали нефтяниками. Я сам и четверо моих братьев и сестер стали геологами, операторами, сварщиками, но работают все в нефтяной отрасли”, – говорит Сагидолла, старший сын Алима Бижанова.

Сагидолла Бижанов родился в 1950 году. Мечтал стать нефтяником еще со школы, когда учился в седьмом классе. Вспоминает, как подростком приходил к отцу на работу, и, несмотря на то, что охранники не пускали его, постоянно крутился возле рабочих, слушал, как они что-то обсуждали и о чем-то спорили. В 1967 году после окончания жетыбайской средней школы Сагидолла поступил на нефтяной факультет Казахского политехнического института. После его окончания стал работать оператором по добыче нефти и газа Жетыбайского нефтегазодобывающего



управления. Находчивый и проницательный юноша, ответственный молодой специалист сразу привлек внимание руководства. Уже через год он стал мастером, а затем и начальником цеха.

В середине 80-х остро встал вопрос об очистке нефтяных амбаров. Нефтьшлам загрязнял почву, и требовалась технология для ее очистки. Руководство дало задание – срочно решить эту проблему. И тогда Сагидолла изобрел специальную нагревательную печь, которая растворяла нефтьшлам в амбарах, очищала от почвы и глины. Позже эта печь была широко внедрена в производство, на нее был получен патент. Благодаря этой печи все амбары на нескольких месторождениях были очищены. Эти печи до сих пор используются нефтяниками.

В начале 90-х Сагидолла стал начальником "Жетыбаймунайгаз", но, несмотря на бесконечную занятость, успевал помогать простым жителям села. Главной проблемой в районе была питьевая вода. И тогда Сагидолла Бижанов предложил построить водоочистную установку в селе Жетыбай. Уже через пару месяцев в домах сельчан появилась долгожданная вода. Кроме того, нефтяниками были



производственно-технического обеспечения, а позже – директором центрального инженерно-технического департамента. В 2012 году вернулся в "Жетыбаймунайгаз" на должность руководителя производственного управления. Отсюда же спустя три года ушел на заслуженный отдых.

Общий трудовой стаж трех поколений Бижановых – 163 года.

”

”Даже если бы мне предложили прожить жизнь заново, я прожил бы ее точно так же. Ни о чем не жалею. Я выбрал профессию на всю жизнь и не могу представить себя без нефти. Я вижу, как мои дети состоялись в профессии. Если в будущем в этой сфере будут трудиться и мои внуки, то это большое счастье для меня. А моя мечта – передать знания и опыт, которые я накопил за эти годы”, – говорит потомственный нефтяник.

Сыновья и дочери династии, следуя по стопам отца, также достойно продолжают путь, который когда-то начал их дед – Алим Бижанов. Дочери Ляззат и Гульжамал работают в нефтяной компании финансовым специалистом и экономистом, Кемал и Самал – геологи, младший сын – специалист по охране труда и экологии и так же трудится в нефтянке.

построены школы, детский сад и множество других необходимых социальных объектов.

В конце 90-х, когда в страну пришли иностранные инвесторы, руководство области поручило Сагидолле Бижанову привлечь в одну из зарубежных компаний, где он в это время занимал должность главного инженера, местных специалистов из Каракиянского района. Тогда усилиями Сагидоллы на работу привлекли 30 местных жителей, многие из них работают по сей день и с благодарностью вспоминают бывшего руководителя.

В 2002 году Сагидолла Бижанов был назначен техническим директором АО "Мангистаумунайгаз", затем здесь же работал начальником Управления

www.zakon.kz
06.10.2023



ӨНДІРІСТІҢ ӨРІСІН КЕҢЕЙТКЕН МАМАН

«Бұл бақ түгендейтін, тақ түгендейтін уақыт емес, белінді бекем буып, қауымның жоталы шаруасына жан пида ететін заман» деген абыз Кекілбаевтың сөзі бар. Бүгінде Қаламқаста апталап, айлап еңбек етіп жатқан 1700-ге жуық мұнайшыны қысы-жазы жылумен, сумен қамтамасыз етіп отырған цех мамандарына артылған салмақ, жүкшелер жауапкершілік зор. ПЖПЖЦ цехынан 1994 жылы бөлініп шығып, өз алдына іргелі ұжым боп үлгерген жылумен, сумен қамту және кәріз цехында 50-ге жуық маман жұмыс істейді.



Біз сөз еткелі отырған кейіпкеріміз Қаму Атшыбаевтың аталған цехта абыройлы қызмет атқарғанына биыл 30 жылға жуықтады. Еңбек жолын дәл сол бөлімшеде бастаған ол білікті оператор, бесаспап маманға айналды.

– Оператор болып жұмыс істей жүріп, ұжымның басы қосылмаса іс өнбейтініне көзім жетті. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді екен. Соңғы он жыл бедерінде біздің әлеуметтік жағдайымыз көп-көрім өзгерді.



Жұмысымызға да, компаниямызға да алғысымыз шексіз, - дейді еңбек адамы.

«Жеміс еңбектен ғана өнеді, қиындық еңбекпен ғана шегінеді» дегенді жөн көретін ол жаңа технологияның өндіріске леп беріп, автоматтандырылған жүйе жылу мен судың қысымын, температурасын күндіз-түні бақылап отыруға мүмкіндік бергенін атап өтті.

Қаму Нұржаубайұлының ата-анасы да – өмірін өндіріске арнаған жандар. Анасы Алтынзер Атшыбаева Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехында ұзақ жыл жұмыс істеп зейнетке шықса, ағасы Сәбит Атшыбаев – бүгінде Қаламқастың өсіп-өркендеуі жолында елеулі еңбек етіп жүрген маңдайалды қызметкерлердің қатарында.

30 жыл. Абыройлы маман үшін аз уақыт емес. Біртұтас ғұмыр. Осы кезең ішінде мерейін арттырған марапаттың төресі – «Қаламқас кенорнына 60 жыл», «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жыл» төсбелгілерін иеленді. Бұдан өзге, білікті маманға компания басшыларының алғысы мен құрметі де ерек.

Бүгінде Құдай қосқан қосағы Гүлбаршынмен 4 бала тәрбиелеп отырған бақытты әке өмірде әрбір істің қызығымен қатар қиындығына да қатар төзе білгенді жөн санайды.

Әлқисса... Өндіріс сарбаздарының ел экономикасына қосып жүрген үлесін айтпағанда, жаздың аптап ыстығы мен қыстың сүйектен өтер қарасуығында күнтүн деместен қызмет істеп жатқан азаматтардың жанын сірі, еңбегі адал демей көріңіз.

ЗЕРТХАНА ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

Клара Біләлова «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының зертханашысы болып қызмет істейді. Мекеме 1981 жылы «Комсомольскнефть» деп аталған тұста өндіріске аяқ басқан талдырмаш арудың іргелі ұжымға сіңісіп, зертхана ісінің хас шебері атанатын біреу білсе, біреу білмес... Ұл-қызының бақуатты тұрмысы үшін жарты ғасырға жуық табандап жүріп тәжірибие жиған маманның Алла амандық берсе бейнетінен де зейнеті жақын. 42 жыл өмірін өндіріске арнаған маман бүгінде сүйікті кәсібіне адал, міндетіне мығым.

Кіріс шикізатын химиялық талдау зертханасы, айдау және өндіру ұңғымаларын зерттеу зертханалары, тереңдік сорғылардың жұмысын талдау кабинеті, аванкамера, бақылау-өлшеу құралдарының шеберханасы секілді бөлімшелерін біріктіретін ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехы бүгінде өндірістің өрісін кеңейтіп отырған іргелі ұжым.

Өз міндеттерін мүлтіксіз атқаратын 50-ге жуық маман қара алтын сапасын қатаң қадағалап қана қоймай, әр баррель мұнайдың сапаға сай болуын бақылап отырады. Әр ұңғымадан тасымалданып, қазандықтарға құйы-

латын мұнайдың суын, тұзын, тығыздығын өлшеп-екшеп, зерттеу жұмыстарын тыңғылықты жүргізеді. Бірнеше сатыдан өткеннен кейін таза мұнай ары қарай ел игілігіне жол тартады. Осындай жауапты салада қызмет істеп жүрген кейіпкеріміз өндірістің ажарына өң кіргізген қыз-келіншектердің өлке әлеуетін көтерудегі еңбектері өлшеусіз екенін айтады.

Клара Біләлова еңбек жолын бастаған Қаламқастың тыныс-тіршілігі қазір адам танымастай өзгерген. Жаңа технологиялар қарқындап еніп, цехтардың сүбелі жұмысы көз алдында «мен мұнда» тұр. Қақ-соқты көтермейтін



мұнайшы мамандығын абыроймен арқалап, алғыс алған жан зертхана тіршілігінің жай-жапсарын кеңінен әңгімелейді.

– Әуел баста 15 күн вахталық әдіспен жұмыс істеп, кейін 10 күндікке ауыстық. Мен ол кезде жас болдым, жаңадан ашылған мекемеге жолдамамен жіберген еді. Алғашында зертхана ішіндегі әрбір жұмыс маған тым қызық көрінетін. Жұмысты бар ынта-ықыласыңмен істесең ғана жемісін көресің. Осы тұрғыда біздің буындағы мамандар нәтижелі жұмыс атқара білді деп ойлаймын, - дейді кейіпкеріміз.

Өндіріс өмірінің қиындығымен бірге қызығын қатар көре жүріп, қырық жылға жуық ғұмырын зертханада өткізген Клара апа «зертханада өткізген әрбір күнім – өзінше бір тарих» дейді. Клара апаның отбасында осы саланың тұтқасын ұстаған жандар аз емес. Жолдасы Өзенде, ұлы Қаламқастағы «Мұнайтелеком» мекемесінде жұмыс істейді. Ұлынан өрбіген немерелерінің тәтті қылығы, келіннен көрген жылы ілтипаты Клара апаға зор қуаныш сыйлап келеді.

– Бұл мекемеде ұзақ жыл жұмыс істегеніме қуанамын. Бірінші, Аллаға шүкіршілік айтамын, ұжымдастарыма алғысым шексіз. Бір үйдің баласындай жұмыла кірісіп, қай істі болмасын зор ықыласпен атқарамыз. Зертханада қауіпсіздік шараларына қатысты талап көп, - дейді ол.

Жаһанның көз ілеспес жаңалықтарына жаны құштар біз секілді журналистерге зертхана іші алғашында адам зерігетіндей көрінгенімен, тәжірибемен ысылған мықты маманның әр сөзі зейінімізді аударды. Аңдай келе, мүдіретін маман, сүрінетін сапа көрмедік.

Әр адамның жүріп өткен жолы оның өмір-өрнегін қалдырады. Өмірімен ұл-қызына өнеге, айналасындағыларға сыйлы бола білген кейіпкеріміздің алдағы армандары баршылық. Ізгі ниет, ақ тілектері ең алдымен еліміздің амандығы мен тыныштығы, мұнайлы өңірдің гүлденуімен тікелей байланысты.

Жаннат НҰРФАЛИ



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Қазан айының 19-20 аралығында солтүстік Каспий жобасын жүзеге асырып жатқан North Caspian Operating Company N.V (NCOC) компаниясының аумағында өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша тәжірибе алмасу жұмыстары өтті.



Аталған іс-шара «Самұрық-Қазына» қорының 2023 жылға арналған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспары мен «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ 2023-2027 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды. Шараға «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының 1-ші орынбасары С.Оразбаев, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ бастығының 1-ші орынбасары Д.Сейбағытов және Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Б.Ләтіп қатысты.

NCOC еліміздегі ең ірі мұнай шикізатын өндірушілердің бірі. Бірлескен кәсіпорын «Эни», «Шелл», «Эксон-Мобил» секілді бірнеше алпауыт компаниялардың қатысуымен құрылып, ең жетек халықаралық стандарттарға сай басқарылып келеді. Демек өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту

мәселелеріне қатысты NCOC компаниясы тәжірибесінен аларымыз мол.

Екі күндік сапар аясында Компания өкілдері NCOC қабырғасында қолданылатын күнделікті өндірістік жұмыстарға наряд-рұқсат беру жүйесі мен жұмыс орнындағы тәуекелдерді бағалау бойынша жүзеге асырылатын шаралармен танысты. Бұл шаралардың тиісті деңгейде атқарылуы өндіріс ошақтарының аумағында апаттық жағдайлар мен түрлі тәуекелдердің алдын алуға, адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол ашады. Тәжірибеде игерілген тың білім мен жаңа ақпарат біздің Компанияның өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметіне енгізілсе құба-құп.

Тәжірибе алмасу барысында жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен өндірістік жарақаттанудың алдын алуға арналған көптеген мәселелер талқылана келе, өндірістік тәуекелдерді басқару жұмыстарын жетілдіру мақсатында аталған іс-шараларды жалғастыру туралы келісім жасалды.

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН. ТАЗА ТАБИҒАТ»

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қызметкерлері эстафетаны «Ембімұнайгаздық» әріптестерінен қабылдап, сенбі күні 28 қазанда қаланы тазалау және абаттандыру мақсатында сенбілікке шықты. Осылайша, мұнайшылар «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» жобасы аясында жасаған ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының бастамасына қолдау көрсетті.

Сенбілік барысында «Маңғыстаумұнайгаз» қызметкерлері қала жағалауын қоқыс пен тұрмыстық қалдықтардан тазартты.

«Мен үшін де, менің әріптестерім үшін де өлкеміздің экологиясы мен қоршаған ортаның жақсы болуы, соның ішінде әсем қаламыздың тазалығы маңызды. Сондықтан біз осы экологиялық акцияға қуана қосылдық, өйткені әңгіме бәріміз өмір сүріп жатқан жерге бей-жай қарамай, тазалықта ұстау туралы болып отыр ғой. Экологияға қамқорлық жасау - біздің ортақ міндетіміз деп түсінуіміз қажет деп ойлаймын. Ал, біздің игі дәстүрімізге айналған, сенбіліктер қаланың тазалығын сақтауға септігін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар ұжымда бірлік сезімін күшейтуге керемет көмектесетін құрал, - деп атап өтті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ҚОҚЖП басшысы Жаннат Екібаева.



Сенбілік соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері эко-челленж эстафетасын «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнайшыларына тапсырды.



Что такое ЗОЖ в современном мире?!

ЗОЖ – популярная и актуальная аббревиатура на все времена.

Здоровый Образ Жизни

Каждое время закладывает в эти слова свой особенный смысл.

Как-то на просторах интернета я прочитала выдержку из интервью известного юмориста Михаила Жванецкого.

Прошу моих читателей внимательно прочитать и проникнуться этими строчками.

«Есть простой метод борьбы с проблемами. Нельзя с проблемами лежать, сидеть, стоять, общаться. Особенно лежать. Вы с проблемами надеваете кроссовки, спортивную одежду, опускаете капюшон — проблемы настораживаются».

Выходите в дождь на улицу — проблемы затихают.

И начинаете идти всё быстрее. Они не отстают.

Вы идёте ещё быстрее — одна отстала. Быстрее — две отстали. Бегом — три отстали... Вы поняли? Вы вышли с ними. А вернулись один.»

Настолько эти слова запали мне в душу. Тем более, что в современном мире мы очень часто слышим от своих родных, друзей, знакомых, что у них «куча» проблем. И я тоже была не исключением.

Поэтому, я и мои сподвижники решили проверить слова юмориста на практике и заняться обыкновенной ходьбой.

У ходьбы сплошные «плюсы» и практически нет «минусов».

Этот вид нагрузки не требует особой физической подготовки. Ходьбой можно заниматься в любое время года, суток, в любую погоду и в любом возрасте. Она не требует особых вложений и усилий. Главное – это желание, мотивация и близкие по духу люди.

Вот уже на протяжении почти четырех месяцев наша активная группа каждый день с 5 утра (именно утром), в самом излюбленном месте гостей и жителей региона, морской набережной Актау, весело и дружно «отмахивает» 10 тысяч шагов!

«Прошагав» таким образом почти месяц, любуясь нашим Каспийским морем, мы поняли, что надо не просто им любоваться, надо использовать его «по назначению».



И вот уже третий месяц к ходьбе мы добавили купание в море. А это, поверьте мне, совсем другие ощущения!

Многие спрашивают у меня «Как в такую погоду, когда на дворе плюс 7 градусов можно купаться в море?!». Я всем отвечаю «Не только можно, но и нужно!».

Именно ныряя с головой в морскую пучину, ты четко понимаешь и осознаешь, что нет проблем в нашей жизни, есть только наше восприятие той или иной ситуации. Выбор всегда за нами.

Вода смывает с тебя грустные и ненужные мысли, дает заряд бодрости на целый день, выводит из организма ненужный стресс.

Окунувшись в холодную воду, после активной прогулки, ты получаешь своеобразный массаж, проходишь процедуру иглоукалывания. Организм мгновенно вырабатывает огромное количество гормона эндорфина. А как известно, именно этот гормон дарит нам чувство легкости, вызывает желание реализовывать мечты и достигать цели.

Еще один самый «популярный» вопрос «Как вы встаете так рано и зачем? Можно ведь и вечером прогуляться по набережной».

Вставать рано утром – в этом тоже есть свои плюсы. Во-первых, дисциплинируется режим сна. Зная, что надо рано утром встать, пораньше ложишься спать. А это

значит, что ты уже не сидишь часами перед телевизором за просмотром сериалов и фильмов, не «зависаешь» в сотовом телефоне в просмотре социальных сетей и чтении непрерывного потока информации.

Во-вторых, бонусом снижается лишний вес. Нет поздних ужинов и чаепитий. Именно в период сна с 22-00 до 24-00 часов вырабатывается гормон роста, способствующий сжиганию жира.

К тому же, если мы засыпаем в это время вырабатывается мелатонин, который регулирует сон и бодрствование. Он считается веществом, которое помогает организму восстанавливаться.

При таком режиме вырабатывается также четкая дисциплина. Создается невероятный командный дух. А это сейчас залог успешности во всех сферах жизни человека.

Утренняя ходьба это для нас также время для живого общения, такого дефицитного сейчас элемента в жизни, мотивации друг друга.

Ну и самое главное, организм полностью оздоравливается, получая такую дозу гормонов, скидывая стресс и лишний вес.

Во время прогулок укрепляются мышцы и разрабатываются суставы, нормализуется работа всех основных систем организма (дыхательной, сердечно-сосудистой, обмена веществ).

И еще, поднимаясь рано каждое утро, преодолевая свой сон и лень, ныряя в холодную погоду в море, проходя каждый день 10 тысяч шагов невероятно гордишься собой, тем самым поднимая свою самооценку!

Надо отметить, что с каждым днем нас, любителей ходьбы и купания в море, становится все больше и больше.

Я очень рада, что нашла своих соратников именно среди своих коллег и уверена, что нас станет еще больше.

Присоединяйтесь к нам каждое утро в 5 часов на набережной в 15 микрорайоне с хорошим настроением и желанием сделать свою жизнь здоровой и яркой!

Кумис Жусупова,
заведующая лабораторией производственной санитарии и гигиены труда ДБиОТООС

АС БЕРУ – АТА ДӘСТҮР



Киелі Маңғыстау өңірінің ең қадірлі де қасиетті орындардың бірі, атақты қорым – Сисем ата қорымы. Алты ғасырға жуық кезеңді қамтитын (13-19 ғасырлар) Сисем ата қорымы – ірі тарихи-архитектуралық кешен. 1982 жылдан бері республикалық дәрежеде мемлекет қамқорлығына алынған қорымда 1,5 мыңға жуық нысан бар. Олардың 25 күмбез там, 100 астамы сағанатам мен сандықтас, 500 жуығы қойтас пен құлпытас.

Мұнда ерте ғасырлардан сыр шерткен сәулет өнерінің ең шебер үлгілерін көруге болады. Қазір Сисем ата қорымы зиярат ететін орынға айналды. Мұнда жаздың аптап ыстығы мен қыстың ызғарына қарамастан Қазақстандықтар ғана емес, шетелден келетіндер де бар.

Осынау құнды жәдігер, мәдени һәм тарихи ескерткіштің аманаты «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшыларының мойнында. Әуелде ерікті қызмет ретінде басталған күтіп-ұстау жұмыстары кейін Маңғыстау облысы мәслихатының шешімімен ресми бекітіліп, Сисем ата қорымы маңғыстаумұнайгаздықтардың қамқорлығына өтті.

Содан бері жылына бірнеше рет, әсіресе, көктем-күз маусымдарында компания қызметкерлері қорым аумағында тазалық және әрлеу жұмыстарын жүргізіп, түнеухана ғимаратын жөндеу, зияраттап келушілерді отынмен, сумен қамтамасыз етуді жақсы бір дәстүрге айналдырған.

Қарашаның 3 күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ардагерлері қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен қорым басында асадақа берді. Игілікті іс-шараға Маңғыстау ауданының әкімі Ғалымжан Ниязов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Мұстафаев пен ауыл ақсақалдары

және жастар қатысты. Зиярат етушілер аталарға құран бағыштап, дұға етті.

- Бүгін Аталардың басына зияраттап келдік. Өзімнен қатар тағы да 35 ардагер бар. Біздің ұсынымызды ескеріп, қолдау көрсеткен компания басшыларына айтар алғысыз шексіз. Осы үрдіс үзілмей, болашақта жалғасын табады деп сенемін,- дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тұрарбек Ахметов.

Сисем-ата қорымы – өлкені мекендеген көшпелілердің салт-дәстүрлері, діни дүниетанымдары мен әлеуметтік-саяси даму үрдістерінен деректі мағлұмат беретін құнды ескерткіш. Тіпті қорым халық



арасында «Адайлар пантеоны» деп те аталады. Себебі мұнда Адай руының Құнанорыс Лабақ, Кенже Ер Қонай, Есен Сейіт, Бәйімбет Әнет, Ер Төлеп, Жаңай Қожаназар сынды небір асылдары мен ардақты азаматтары жерленген. Қорымның тарихы тым ертеден басталады. Адайларды осы өңірге алғаш орналастырушы жолбасшылардың, батырлардың, билердің, бай-мырзалардың бейіттері де осы қорымда.

Заманымыздың заңғары Әбіш Кекілбайұлының Маңғыстаудағы ескі қорымдар туралы айтқан бір пікірінде «Зираттар – әрі шекаралық белгі, әрі марқұмның өзі мен әулетінің әлеуметтік хал-ахуалының нақты куәлігі... Көшпелілер өз тарихын хатқа сенбей, тасқа сеніп қалдырғандай» деген сөздер бар. Расында да ескерткіштерге үніліп қарар болсақ, ғасырлар қойнауында қалған біраз сырды ұғынуға болады. Бұл нысанның да басты құндылығы сонда. Келер ұрпақ тамырынан айрылып қалмау үшін осы секілді жәдігерлердің шашауын шығармай келесі ұрпаққа аманаттап кету ұлт үшін парыз.

«Өлі разы болмай – тірі байымайды». Ата-бабаларымыздың рухына арнап құран бағыштап, дұға-тілектерін арнаған игі жақсылардың жұмыла жүріп жасаған игі ісі, төл тарихын танудағы жанкештілігі көңіл құптарлық. Зиярат қабыл болсын!



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Тәжірибелік семинар өтті

«Oil Services Company» ЖШС қарасты «Қаламқас-сервис» өндірістік басқармасында цех басшылары мен ИТҚ мамандарының қатысуымен пилотты нысандар шеберлеріне арналған «Ысырапсыз өндіріс» жобасы аясында 5S семинары өтті.



Аталған семинарда бас директордың персоналды басқару, еңбекақы төлеу және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Берден Дүйсенбиев семинар қатысушыларына «өндіріс артық шығынсыз болуы үшін бүкіл ұжым жұмыла жұмыс істеуі қажет» екенін айтып өтті. Яғни, басшы бастап қара-

пайым жұмысшыға дейін өз ісін жақсы көріп істесе өндіріс алға басады, - деді Берден Закарияұлы.

2 сағатқа созылған семинарда бірнеше жүз жылдық тарихы бар алпауыт ірі компаниялардың жұмыстары салыстырмалы түрде айтылып, тақырыпқа сай мысалдар келтірілді. Семинар қатысушыларының ой-өріс деңгейін байқау үшін бірқатар логикалық тапсырмалар беріліп, мамандардың шапшаңдығы бағаланды. Жұмысшылар тарапынан қызықты сұрақтар қойылып, кері байланыс орнатылды.

Семинар соңында әр қатысушы арнайы дайындалған тестілеу парағын толтырды.

«Oil Services Company» ЖШС



Мерекке қарсаңындағы қуаныш

Жуырда «Достық үйінде» Қазақстан кәсіподақтар күні мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті.

Аталған шарада «Өндірістік қамту секторының» аға инженері Ж. Дюсалиева, «Метроголиялық қамту цехының» бастығы Р. Сиындықов компания басшыларының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мерекелік шаралар легі спорттық жарыстармен жалғасын тапты. «Мұнай-телеком» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен мекеме бөлімдерінің командалары арасында шағын футбол, үстел теннисінен тартысты додалар өтті.

«Досан батыр» спорт кешенінде өткен шағын футболда жүлделі 1-орынды БӨҚ және А «Жетібай» командасы иеленсе, жүлделі 2-орын база мүшелерінің жігіттеріне бұйырды. Жетібай байланыс учаскесінің қызметкерлер командасы 3-орынға тұрақтады.



Сондай-ақ, үстел теннисінен өткен сайыста Қуат Шерниязов қарсыластарын ығыстыра отырып, жеңімпаз атанса, жүлделі 2,3-орындарды Ескендір Қыдырбаев пен Әлібек Сұлтанғали өзара бөлісті.

«Мұнайтелеком» ЖШС



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Кәсіподақ ұйымы спорттық жарыстар өткізді



Таяуда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да кәсіби мереке - Қазақстан Республикасының кәсіподақтар күніне орай компанияның кәсіподақ ұйымы ұйымдастырған спорттық жарыстар аяқталды.

Волейбол, шағын футбол және үстел теннисінен жарыстар екі апта бойы өткізілді. Ақтық сайысқа ҚМГ ӨБ, ЖМГ ӨБ және орталық аппарат командалары арасында іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары қатысты.

Волейбол турнирінде «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ ҚҚҰЦ командасы жеңіске жетті, екінші орынды орталық аппарат командасы, үшінші орынды «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ 1-МГӨЦ спортшылары иеленді.

Волейбол турнирінің үздік шабуылшысы ретінде Н.Оразбаев (ЖМГ ӨБ 1-МГӨЦ операторы), Г.Бижанова (ҰБЖКЖД) үздік либеро, А.Надиров

(ҚМГ ӨБ ҚҚҰЦ шебері) үздік байланыстырушы болып танылды.

Шағын футболдан ЖМГ ӨБ 1-МГӨЦ командасы жеңімпаз атанса, ҚМГ ӨБ ҚБА мұнайшылары күміс медальге ие болды. Орталық аппарат қызметкерлері жүлделі үштікті жапты.



Н.Қоңырбаев (ЖМГ ӨБ 1-МГӨЦ операторы) танылды.

Ерлер арасындағы үстел теннисінен турнирде С.Тілегенов (ҚМГ ӨБ ҚБА) чемпион атанды, екінші орынды А.Панакулов (ЖМГ ӨБ



Шағын футболдан турнирдің үздік шабуылшысы ретінде С.Тілегенов (ҚМГ ӨБ ҚБА), Т.Ахтанбаев (көлік департаменті, орталық аппарат),



мехцеханың слесарь-жөндеушісі), қола медальды Е.Абулхайров (ҚМГ ӨБ 1-МГӨЦ операторы) жеңіп алды. Әйелдер арасында үздік теннисші болып Г.Сабалакова (орталық аппарат ҚБА) атанды, екінші орын А.Баспаеваның (ҚМГ ӨБ шаруашылық меңгерушісі) еншісіне тиді.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге компанияның кәсіподақ ұйымы атынан ақшалай сыйлықтар, дипломдар мен кубоктар табысталды.

Мұнайшылар үшін спорт пен еңбек егіз



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері жаңа спорттық шыңдарды бағындырып үлгерді. Бұл жолы екі әріптесіміз де бірден беделді турнирлердің жүлдегері атанды.

«Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ спорт нұсқаушысы Сұлтангерей Тілегенов Түркістан қаласында өткен ардагерлер арасындағы үстел теннисінен өткен халықаралық турнирде күміс медальді жеңіп алды. Жарысқа қазақстандық спортшылардан басқа Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан теннисшілері де қатысты. С.Тілегенов финалда Түркістаннан келген спортшыға есе

жіберіп, табанды күресте өте лайықты өнер көрсетті.

Естеріңізге сала кетейік, Сұлтангерей Тілегенов ардагерлер арасында үстел теннисінен Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы (2015 ж., 2018 ж.)

Сонымен қатар, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ МДӨЦ операторы Рақымжан Бекбосынов стенттік пресс бойынша Инклюзивті облыстық турнирде қола медальді еншіледі.

Бұл іс-шара алғаш рет Ақтау қаласында өткізілді. Аталған жарыста республикалық және халықаралық турнирлердің жеңімпаздары атанған 70 спортшы бақ сынады.

97 келіден жоғары санатта өнер көрсеткен Рақымжан Бекбосынов екінші кезеңде салмағы 150 келі болатын штанганы көтеріп турнирдің қола жүлдегері атанды.

Біз әріптестерімізді тамаша жетістіктерімен құттықтай отырып жаңа спорттық жеңістер тілейміз!


«Қаламқас» ВИА топ жарды



Жуырда Достық үйінде Ақтау қаласының 60 жылдығына және Маңғыстау облысының 50 жылдығына арналған «Маңғыстау жұлдыздары» өнер фестиваліне қатысушыларды марапаттау рәсімі өтті. Аталған байқауда Алтынбек Сарғожаев, Ермұхан Жамансарин, Мархабат Бигелдинов, Жұмабай Ақмұрзаев, Талғат Жакупов сынды әріптестеріміз жетекшілік ететін «Қаламқас» вокальды-инструментальды ансамблі эстрадалық музыка

жанры бойынша жүлделі 1-орынды еншіледі.

Жылына 1 рет өтетін өнер сайысы әр ауданның кіл мықтыларын сынға салатын нағыз өнер додасына айналғалы қашан. Бүгінде өндірісте жүріп өнердің саңлақтарына айналып үлгерген әріптестеріміздің қоржынында жүлде қоры жетерлік. 14 номинацияны қамтитын фестивалда топ жарған әріптестерімізді құттықтай отырып, шығармашылықтарына шабыт тілейміз.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
 Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
 Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: - С. Галидуллин
 - Ж.Кемал.
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Ақтау қаласы
 6 ш.а., №1 ұй,
 тел:
 212-035, 211-861
 211-885, 212-194
 Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР
 Мәдениет және
 ақпарат
 министрлігінде
 есепке
 қойылып,
 № 9675 - Г
 куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы
 автор пікірі редакцияның
 көзқарасын білдірмейді
 Редакция оқырман хаттарына
 жауап бермейді және оны
 қайтармайды
 Жарияланған материалдарды
 сілтемесіз көшіріп басуға
 болмайды

Газет АҚ-ның
 жұртшылықпен
 байланыс тобы-
 ның компьютерінде
 теріліп,
 беттелді.
 Индексі: 64265

«ADVER» ЖШС
 баспаханасында
 басылды.
 Ақтау қаласы,
 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
 тел: 8(7292)507000